

**Мемлекеттік органдар мен үйымдардың бизнес-әріптестер тізілімімен интеграциялауға жататын ақпараттандыру объектілерінің тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 144 бұйрығы және Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 308/НҚ бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 1 тамызда № 33210 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 272) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік органдар мен үйымдардың бизнес-әріптестер тізілімімен интеграциялауға жататын ақпараттандыру объектілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

\_\_\_\_\_ *Б. Мусин*

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ *А. Куантыров*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының төрағасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің төрағасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш

өнеркәсібі министрі

2023 жылғы 31 шілдедегі

№ 308/НҚ мен

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

2023 жылғы 31 шілдедегі

№ 144 Бұйрықпен

бекітілген

## **Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бизнес-әріптестер тізілімімен интеграциялауға жататын ақпараттандыру объектілерінің тізбесі**

Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бизнес-әріптестер тізілімімен интеграциялауға жататын ақпараттандыру объектілері:

- 1) "Интеграцияланған салықтық ақпараттық жүйе" ақпараттық жүйесі;
- 2) "Интеграцияланған деректерді сақтау орны" ақпараттық жүйесі;
- 3) "Акциз" ақпараттық жүйесі;
- 4) "Салық төлеушілер мен салық салу объектілерінің тізілімі" ақпараттық жүйесі;
- 5) "Салық төлеушінің кабинеті" web-қосымшасы" ақпараттық жүйесі;
- 6) "Деректерді бірынғай сақтау орны" ақпараттық жүйесі;
- 7) "Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шот" ақпараттық жүйесі;
- 8) "Интеграцияланған деректер базасы" ақпараттық жүйесі;
- 9) "Ақпараттық есепке алу орталығы" ақпараттық жүйесі;
- 10) "Занды тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 11) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 12) "Жылжымайтын мұлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 13) "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры" ақпараттық жүйесі;
- 14) "Азаматтық хал актілерінің жазбалары" ақпараттық жүйесі;

- 15) атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі ;
- 16) "e-Статистика" интеграцияланған ақпараттық жүйесі;
- 17) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесі;
- 18) "Талдау орталығы" ақпараттық жүйесі;
- 19) "Төрелік" автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі;
- 20) "Сервистік орталық" автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;
- 21) "Сатып алудың бірынғай терезесі" ақпараттық жүйесі;
- 22) көліктік дерекқордың және тасымалдаулар қауіпсіздігі мониторингінің ақпараттық-талдау жүйесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК